ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

4 қырқүйек 2023 жыл №1112-23-00-2/1991 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Ельгелдиева Айгуль Шахмуратовна жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Ельгелдиева Айгуль Шахмуратовна жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою – қанағаттандырылсын.

Ельгелдиева Айгуль Шахмуратовна жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Документ подписан: Жакупов А. А., 04.09.2023
Дата вступления в законную силу: 13.10.2023, судья Жакупов А. А., 13.10.2023
1112-23-3-1/2345

Ельгелдиева Айгуль Шахмуратовна жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Документ подписан: Жакупов А. А., 04.09.2023

Дата вступления в законную силу: 13.10.2023, судья Жакупов А. А., 13.10.2023

1112-23-3-1/2345